

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы қалалық мәслихатының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 20/2 шешімі

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан Мамлют ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихатының төрағасы*

*Ж. Кәрімова*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 19 ақпандағы  
№ 20/2 шешіміне  
1-қосымша

**Мамлют ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

Реттік сан	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,20
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,23
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,05
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,76

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,67
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	-
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,18
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,30
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,12
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханала, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	-
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	-
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,35
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,51
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,51
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	-
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,78
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,18
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	4,08

23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	-
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараз, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,24
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	-
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 19 ақпандағы  
№ 20/2 шешіміне  
2-қосымша

**Мамлют ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 25.12.2024 № 36/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Атауы	Жинау және тасымалдау	Сұрыптау	Көму	Барлығы
	Құны (қосылған құн салығынсыз)			
Айына бір адамға	199,11	0	90,57	289,68